



Мемлекет басшысы Ұлттық бітімгерлік контингентінің әскери қызметшілерімен кездесті



Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

— Қарулы күштер — еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен,

сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия — қайсарлыққа баулитын, жігерді жанытын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери антқа адалдық таны-

тып, шынайы патриотизмнің үлгісін көрсеттіңіздер. Мінсіз қызметтеріңіз өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айырықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасақтар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жүлдемен оралған күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен даярлық деңгейі едәуір өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қоюда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда, босансуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

— «Заң мен тәртіп», отаншылдық пен жауапкершілік — әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

— Қазақта «Ердің ісі — елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрсіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.



Жетісу облысы Тәжікстанмен ынтымақтастықты кеңейтуде



орынбасары екінші жартыжылдықта Жетісу өңірінде бизнес-форум өтетінін мәлімдеп, оған Тәжікстанның іскер топ өкілдерін қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Олимджон Ашурзода екіжақты ынтымақтастықтың ықтимал бағыттарына тоқталып, аймақтың экспорттық әлеуеті туралы бірқатар сұрақтар қойды. Атап айтсақ, тәжік кәсіпкерлерінің аймақтағы зауыттармен тікелей келісімшарт жасасу мүмкіндігіне қызығушылық танытты. Сондай-ақ, Жетісуда шекаралық ынтымақтастықтың орасан зор әлеуеті бар екенін тілге тиек етіп, бұл бағыттағы қарым-қатынастарды дамытуға қызығушылық танытты.

Кездесу соңында әлеуетті инвесторлар мен іскер серіктестерді табуға бағытталған бірлескен іс-шараларды өткізу туралы ұсыныстарды қолдап, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге дайын екендігін жеткізді.

Айта кетейік, Жетісу облысы мен Тәжікстанның сыртқы сауда айналымы 2024 жылы 8,3 млн. АҚШ долларын құрады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілші: Жәніс ЫСҚАБАЙ.



Бүгін Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов Тәжікстан Республикасының Қазақстандағы елшілігінің сауда өкілі Олимджон Ашурзодамен кездесті. Басқосуда қос тарап екіжақты экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Ә.Қанағатов аймақтың инвестициялық әлеуетіне кеңінен тоқталды. Атап айтсақ, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, логистика және транзит салаларына, «Қорғас — Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағының мүмкіндіктеріне баса назар аударды. Сондай-ақ, облыс әкімінің

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БІРЛІК КҮНІНЕ ОРАҰ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ АЛЛЕЯСЫ АШЫЛАДЫ

Бүгін Жетісу облысында өңір басшысы Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық Кеңесінің отырысы өтті. Кеңес отырысында Қазақстан халқы Ассамблеясының алдағы XXXIV сессиясына қатысу мәселелері, ҚХА-ның 30 жылдығы аясында өңірде өткізілетін іс-шаралар

қарттар мен жалғызбасты аналар тұрады. Іскер әйелдер кеңесімен және меценаттармен бірлесіп облыстық «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілерін, қиын өмірлік жағдайға тап болған Аналар үйіндегі, дағдарыс орталықтарындағы әйелдерді қамқорлыққа алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

те облыстың ҚХА мүшелерімен этномәдени бірлестіктері осы үдерістердің барлығына белсене атсалысуда.

Жиын

ды қорытындылаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев облыстық Ассамблея мен жергілікті атқарушы органдардың тығыз ынтымақтастығы көптеген маңызды міндетті шешуге мүмкіндік беріп отырғанын айта келе, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына қысқаша тоқталды.

— Жетісу өңірі құрылғалы бері өңірді газдандыру, тұрғын үй, мектеп, денсаулық сақтау нысаны, ветеринарлық стансы салу, жалпы инфрақұрылымды дамыту мәселелерінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Қазір алдымызда қаржыландыру көздері анықталған аймақтың алдағы 2-3 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты жоспары бар. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, халықтың назарын ұзақ мерзімді жоспарлардан қарағанда нақты мәселелерді шешуге бағыттауымыз қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясы қызмет еткен жылдар ішінде қоғамдық келісімді, бірлік пен тұрақтылықты

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ АҰЛЫҒЫ АЯСЫНДА 1500 АСТАМ ТЫЛ АРДАҒЕРІНЕ ДӘРІГЕРЛЕР БАРАДЫ

Жетісу облысында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында 9 мамырға дейін созылатын денсаулық айлығы басталды. Тегін медициналық тексерулер мен консультациялық-диагностикалық көмек емханаларда да, үйде де ұйымдастырылуда.

лайықты өмір сүру. Тек сонда ғана біз адамгершілікті сақтап, ізгі қасиеттерді болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз. Мемлекетіміздің бізге, қарттарға қамқор болғаны өте жақсы. Жылы сөзге, жайдары көңілге не жетсін, — деді ол.

Жалпы Жетісу облысында Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында соғыс ардагерлеріне, мүгедектеріне, оларға теңестірілгендер мен тыл еңбеккерлеріне кешенді әлеуметтік қолдау көрсету



Дәрігерлердің мобильді бригадалары аталған шарада 1500 астам тыл ардагерін қамтуды жоспарлап отыр, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мәселен, жуырда құрамында хирург, терапевт және невропатолог мамандары бар медициналық бригада Ескелді ауданы Жетісу ауылында тұратын тыл еңбеккері Балшекер Тайжановаға барды.

Жасы ұлғайғандықтан ардагерге ауруханаға бару қиынға соғады. Сондықтан медицина қызметкерлері тұрақты түрде үйде көмек көрсетеді. «Біз ардагерге жылына бірнеше рет келіп тұрамыз. Ол үлгілі пациент, біздің айтқан ақыл-кеңестерімізді әрдайым уақтылы орындайды», — дейді Ескелді ауданының орталық аудандық ауруханасының меңгерушісі Саят Тікенбаев.

Айта кетсек, Балшекер Тайжанова — нағыз қарапайым еңбек адамы. Олар туралы ел Президенті: «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын.

Жас кезінде Балшекер апа қызылша алқабында жұмыс істеді. Кейін сауыншы болып, күніне 44 сиыр сауып, мал бақты. Лайықты демалысқа шыққаннан кейін ол туған ауданының дамуына, жастарды тәрбиелеуге үлес қосуын жалғастырды. Көп балалы ана жұбайымен бірге жеті бала тәрбиелеп өсірді. Қазір 22 немересі, 44 шөбересі бар.

— Менің басты қағидатым — адал еңбек ету, сол арқылы

көзделген.

— Биылғы жылы өңірде Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу құрметіне Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ, оларға теңестірілген 3 215 адамға біржолғы материалдық көмек көрсетуге 393,8 млн. теңге бөлінді. Бұл ретте майдангерлерге 5 млн. теңгеден төленетін болады. Жанқиярлық еңбегі үшін берілген наградалары бар тыл қызметкерлеріне 100 мың теңгеден төленеді. Материалдық қолдаудан басқа ҰОС қатысушылары мен мүгедектері үшін коммуналдық шығындарға ай сайынғы өтемақы түрінде жеңілдіктер беріледі, ардагерлер техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ, жылына бір рет тегін санаторлық-курорттық жолдамалар алады. Атап айтқанда, биыл өңірде 243 ардагерге санаторлық-курорттық емделуге 50 млн. теңге бөлінді, — деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Жалпы Жетісу облысында Ұлы Отан соғысына тікелей қатысушы 2 ардагер бар. Олар Төлеубай Чектыбаев пен Ысқақ Құсайынов, ардагерлер бүгінде 100 жастан асты. Сол сияқты 1598 тыл еңбеккерлері тұрады.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.**



жоспары талқыланды. Облыс әкімі Бірлік күні қарсаңында «Бірлік жүгірісі» спорттық жүгіру, Қазақстан халқы Ассамблеясының аллеясының ашылуын тілге тиек етті, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өткен онжылдықта Ассамблея азаматтық қоғамның маңызды институтына айналғанын атап өткен Бейбіт

Екінші дүниежүзілік соғысына қатысқан ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне тұрақты түрде көмек көрсетіледі. Мұндай жұмыс Ассамблея өңірдің тұрғындарына қолдау көрсете отырып, бірлік пен келісімді нығайтуға сөзбен емес, іспен үлес қосатынын көрсетеді, — деді аймақ басшысы. Кеңес отырысында сөз сөйлеген Жетісу университетінің ректоры Ермек Бүрібаев,



Исабаев ҚХА жүзеге асырылған, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобаларға тоқталды.

— Өткен жылдан бері өңірде «Жомарт жан» қайырымдылық орталығы жұмыс істеп келеді. «Қайырымдылық керуені» және «Мектепке жол» қайырымдылық акциялары аясында облыста аз қамтылған және көп балалы 7 мыңнан астам отбасыға 30 млн. теңгеге көмек көрсетілді. Ал Қаратал ауданында өткен жылдың қазан айынан бастап корейлік этномәдени орталығының, корейлер облыстық қауымдастығының және «Диаспора мұрасы» республикалық қорының қолдауымен 70 тұрғын үйді табиғи газға тегін қосылды. Онда аз қамтылған отбасылар,

облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық орынбасары, «Облыстық орыс орталығының» төрайымы Лариса Котельникова және Ассамблеяның жастар қанатының өкілдері Екатерина Подгорнова мен Молутжан Тохтаунов атқарылған жұмыстар туралы айтып, ҚХА-ның 30 жылдығы аясында жоспарланған іс-шараларды жан-жақты талқылады. Атап айтқанда, «Ассамблея жастары» Талдықорған қаласындағы Тіл сарайының жанындағы көпқабатты үйлердің қабырғасына мерейтойлық датаға арналған қабырға суретінің эскизін дайындап, 30 жылдық аясында түсірілетін көркем фильмнің түсірілімі және тарихи кітап басып шығару жұмыстары жүргізілуде. Бұл рет-

сақтау мәселелерінде ғана емес, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуде де өзінің тиімділігін айқын көрсететін өмірлік маңызды институтқа айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясына белсенді қатысу арқылы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы мен облыстағы этномәдени орталықтардың өкілдері алдағы уақытта да өңірдің дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдімін, — деді аймақ Б.Исабаев.

Жиын соңында этномәдени орталықтардың бір топ өкіліне, қоғам қайраткерлеріне, еңбек ардагерлеріне, жас көшбасшыларға «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медальдары табыс етілді.

● ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Дін және ғылым. Бұл тақырыпта мақала дайындарда біраз ізденуіме тура келді. Бір жерлерде «Дін мен ғылымның арақатынасы күрделі. Дін сенімге, ал, ғылым танымға негізделген. Дін мен ғылым жаратылыс мәселесінде кереғар пікірде» - десе, енді бір жерлерде дін мен ғылымның бір — біріне жақындығын дәлелдеп береді. Себебі, тарихи мәліметтер көп жағдайда дін мен ғылымның бір — бірімен ұдайы үйлесімділікте дамығанын көрсетеді.

Ислам діні тарих сахнасына шыққалы бері білімге айырықша көңіл бөлді. VIII — XIV ғасырларда білім мен ғылымға арқа сүйеген мұсылман өркениеті әлемнің ғылыми, мәдени, рухани орталығына айналып, білім иелеріне ерекше қолдау көрсетілді. Діни негіздерден нәр алған ислам мәдениеті өзге өркениеттердің ғылыми жетістіктерін қабылдап, оларды

ДИН және ҒЫЛЫМ

бейімдеді, әрі қарай дамытты. Сол кезеңде білім діннің негізгі ерекшеліктерінің бірі болды.

Негізінде, дінсіз ғылым — ақсақ, ғылымсыз дін — соқыр» деп жазған екен ұлы ойшылдар. Ғылым мен діннің зерттеу нысаны бір арнада түйіскенімен, қолданатын өлшемдері екі басқа. Сондықтан оларды бір — бірін терістеуге бағытталған кереғар құбылыстар деуден гөрі дүниені екі қырынан қарастыратын бір ақиқаттың екі жүзі деп қабылдау шындыққа көбірек жанасады.

Діннің білім беру ісімен тікелей байланысы мен тәрбие ісімен тікелей байланыстылығы дәлелденген әңгіме. Себебі, өзім білетін нақты әңгіме

кезінде еліміздің болашағы үшін еңбек етіп, Кеңес үкіметі кезінде «Халық жауы» атанып кеткен ұлыларымыз, солардың ішінде біздің жерлестеріміз І.Жансүгіров, Б.Сырттанов, Б.Сүлеев, т.б. аталарымыз ең алғашқы білімді молдадан діни сауат алғанын жақсы білеміз. Діннің тәрбиеге негізделуі де адам баласын имандылыққа шақыратынын білеміз. Халқымыз «Аюға намаз үйреткен таяқ»,—деген бір сөз бар. Бұл сөздің мағынасына тереңірек бойласақ, бұл жерде аюды намазға жығу деген мәселе жатқан жоқ. Жоғарыда айтқан ұлыларымызды ата — анасы молдаға оқуға бергенде «Еті сенікі, сүйегі менікі» деген сөздер айтып, олардың сол жерден тек білім алып шығуын көздеген.

Соның арқасында Ұлылардың есімін елі бүгінге дейін мақтанышпен айтып келеді, әлі де айта береді.

Яғни, ғылым мен дін қол ұстасып, қатар жүргенде ғана адамзат іздеген бақытын табады. Сол себепті ұрпақтарымызға дінді, әсересе ата — бабамыз сонау ерте заманнан бері ұстанып келе жатқан, көміл түрде жіберілген, ғылым — біліммен қатар адамзат өркениетіне өте үлкен үлес қосқан, күллі адамзаттың мақтанышына айналған көміл адамдарды тәрбиелегеп шығарған Ислам дінін дұрыс үйретудің жолдарын қарастыруымыз қажет. Қазір жастарымыздың көбі дінге бет бұрғаны қуантады.

**Балғын ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
«Aqsý Jasty» филиалының
жетекшісі.**

КӘСІБИ БІЛІМ - БОЛАШАҚ БАСПАЛДАҒЫ



«Автомобиль көлігін жөндеу шебері», «Тамақтандыруды ұйымдастыру». Біліктілігі: «Аспазшы», «Кондитер – безендіруші» мамандықтары бойынша мамандарды дайындайды.

«Мамандық адамның пешенесіне жазыла ма, әлде оны өзі таңдай ма?», «Білікті маман қалай қалыптасады?», «Олардың құралы қайсы, құндылығы қайсы?», «Мамандық таңдау жолында неге назар аударуы керек?» деген сияқты бірқатар сауалдарға жауап беру мақсатында колледж мамандары білімгерлермен оқу жылының басында дөңгелек үстел өткізеді.

Биылғы 2024-2025 оқу жылында экспериментальды жоба негізінде орта білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларын бос уақытында, яғни түстен кейін «Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша оқыту қолға алынып, бұл жоба аясында колледж ұжымы өз жұмысын бастап кетті.

Тағы бір айта кететін жәйт, жұмысшылар мамандығында оқитын білімгерлер түгелдей дерлік жатақханамен, ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Олар бұл жерден кәсіби білім алумен қатар ай сайын шәкірақы алады.

Сандуғаш БАЯНОВА,
аудандық мәслихат депутаты, Қапал кәсіптік - техникалық колледж директорының оқу - тәрбие жөніндегі орынбасары.

Біз бақытты ұрпақпыз

Сонау сұрапыл соғыс жылдарын оқып отырғанда және де ата, әжелеріміздің аузынан естігенде жаның түршікпей қоймайды. Сол бір қанды майданда, ата - апаларымыз кеудесін оққа төсеп, жауға қарсы шықты. Қаншама ата - ағаларымыз жау қолынан қаза тауып, елге оралмады.



Қаншама ата - ағаларымыз елімізге, яғни, отбасына мүгедек болып оралды. Осындай Отан үшін, ел үшін, от кешіп, қасық қаны қалғанша жаумен арпалысып, елімізге жеңіс әперген күнге, биыл 80 жыл толып отыр.

Осы жеңіс күнге жеткізген ата - апаларымыздың еңбегін ауызбен айтып, жеткізу мүмкін емес. Ардагерлеріміз барлық құрметке лайық деп білемін.

Осы ата – апаларымыздың арқасында біз бейбіт күн кешіп жатқан ұрпақтар бақыттымыз.

Жеңіс күні құтты болып, көк туымыз желбіреп, бейбітшілік аясында өмір сүре берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Қайрат МАДИЯРҰЛЫ,
Қ.Терібаев атындағы орта мектебінің 5-сынып оқушысы.

Ауданымызда "Таза жағалау" экологиялық акциясы ұйымдастырылды



экожүйені сақтау мен қоршаған ортаның ластануына жол бермеу мақсатында жүргізілді.

Халқымыз ежелден суға ерекше мән беріп, суды қадірлеп, оны аялауға үндеген. «Судың да сұрауы бар», «Суға түкірме», «Суды ысырап етпе» деген тыйым сөздер мен ұлағатты ұстанымдар осы күнге дейін мәнін жоғалтқан жоқ. Бұл — экологиялық тәрбиенің ұлттық негіздері болып табылады.

Шара соңында қатысушылар табиғатты сақтау — әрбір азаматтың ортақ борышы екенін тілге тиек етіп, осындай игі бастамалардың жалғасын табуы қажет екенін атап өтті.

«Таза жағалау — таза келешек» ұранымен өткен бұл экологиялық акция — аудан тұрғындарына

2025 жылдың сәуір айында Ақсу ауданында табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында «Таза жағалау» акциясы ұйымдастырылды. Экологиялық акцияның негізгі мақсаты — су ресурстарының тазалығын сақтау, өзен-көлдердің экожүйесін қорғау, сондай-ақ, тұрғындар арасында табиғатқа деген жауапкершілікті қалыптастыру болды.

Аталған акция шеңберінде аудан аумағындағы ірі өзендердің бойында кезек-кезеңімен тазалық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, 8 сәуір күні — Бүйен өзенінің бойында, 9 сәуірде — Қызылағаш өзенінің жағасында, ал, 11 сәуірде — Ақсу өзенінің маңында сенбілік шаралар ұйымдастырылды.



Іс-шараға аудан әкімдігіне қарасты мекеме қызметкерлері, мәдениет қызметкерлері, жастар, еріктілер тобы және ауыл тұрғындары белсенді түрде атсалысты. Қатысушылар арнайы жабдықтармен қамтамасыз етіліп, өзен жағалауларындағы тұрмыстық қалдықтар мен табиғи ластанған аумақтар тазартылды.

Тазалау барысында полиэтилен қалдықтары, пластик бөтелкелер, металл сынықтары мен ескі тұрмыстық заттар секілді табиғи ортаға зиян келтіретін қалдықтар жиналып, арнайы орындарға жеткізілді. Аталған жұмыстар жергілікті

табиғатты аялау, туған өлкенің экожүйесін қорғау сынды игі ұстанымдарды тағы бір мәрте ұғындырған тағылымды іс-шара болды.

Осы орайда ауданның тұрғындары мен жастарын қоршаған ортаны қорғауға, өзен-көлдеріміздің тазалығын сақтауға, табиғатқа жанашырлықпен қарауға шақырамыз! Табиғат — бізге аманат. Таза орта — жарқын болашақтың кепілі!

Диана АЛДАБЕРГЕН,
«Aqsú Jastary» филиалының маманы.

11 сәуір 2025 жылғы №14 шығарылымдағы Ақсу аудандық мәслихат Шешімінің жобасына өзгеріс енгізу

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналыстарының регламенттерін бекіту туралы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 3-1-тармағына, "Жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы №295 Бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15630 тіркелген) сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу ауданының ауылдық округтерінің жергілікті қоғамдастық жиналыстарының регламенттері осы Шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы



Внесение исправлений к проекту решения маслихата Аксуского района в редакции от 11 апреля 2025 года №14

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

Об утверждении Регламентов собраний местных сообществ сельских округов Аксуского района

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 39-3 Закона Республики Казахстан "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 7 августа 2017 года №295 "Об утверждении Типового регламента собрания местного сообщества" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №15630) Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемый Регламент собраний местных сообществ сельских округов Аксуского района согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Маслихата

КҮРКІРЕП КЕЗЕНДЕР, ДҮРКІРЕП ДӘУІРЛЕР ӨТСЕ ДЕ...

*Дос қадірі туралы
Элегия*



Мұны айтып отырғаным өткен жылдың қаңтар айында көгілдір экраннан сақал қойған ақсақалдан журналист сұхбат алып отыр екен. Тыңдап отырып қайран қалдым. Бір кезде тілші І. Жансүгіровтың 100 жылдығында Бас жүлде жеңіл көлік алған естелік есіңізде шығар, сол туралы айтсаңыз дегенде елең ете қалдым. Ақсақалдың түрі таныс сияқты. Өлден уақытта сол айтыс күні бүгін көз алдымда. Шынын айтсам айтысқа онша жоқ едім. Бірақ жақсылап дайындап апарды ғой. Айтыс басталғаннан әділқазылар ішінен бір ұзын бойлы бір кісі ерекше көзге түсіп маған қарап қайтпа! бас, бас деп айғайлап қояды. Ол кезде жасып ғой айтысқанда ауыз, бас, көз, құлақ, аяқ, қолым тыным таппай қозғалақтап кететіні бар. Оның үстіне сөздерімді де бір сыдыр-та айтпай ырғап, созып әзілді бастырма-латып бір орында отыра алмаймын. Бұл қимылдарыма көрермендер қыран топан күлкіге қарық болады. Сөйтіп, мәреге жеткенде кім білсін Құдай қолдап, Жайлау деген жігітіміз жебеп, Бас жүлдені жеңіп алдым. Артынан Жайлаумен жақсылап таныссам, сол Ақсудың мәдениет бөлімінің бастығы, шын аты Мұхаметәлі екен. Ол жігітпен қимай қолтастаймын ғой. Бас бөйгені той иесі Ақсулықтар алып қалуға толық мүмкіндіктері бар еді. Бірақ әділқазыларға жүйелі сөз айтқан Жәкең бұра тартуға жол бермеп еді, - деп тілшіге жауап бергені. Мен таң - тамаша болдым. Сөйтсем, елді күлкіге әзілімен қарық қылған баяғы шымкенттік Шорабек ақын екен. «Жақсының аты өшпейді», - деген осы екен, 30 жыл өтсе де Жайлаудың

сақтамайтын. Адамдармен ыңғайына қарай тіл тауып, әзілдесіп емен - жарқын ой әңгімелесетін «Адамды бүлдіретін де, күлдіретін де - сөз, сөзге азбаған жан емес пе деп отыратын. Оның осы мінезі басшылық қызметте жүргенде көп жеңілдік әкелді. «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, «Азат» қозғалысының белді мүшесі болды. Осы қызметінде жүргенде аудан мекеме-ұйымдарында іс - қағаздарын қазақша жүргізуге үлкен ықпал етті. Көптеген мекемелеріндегі орысша іс - қағаздарын өзін аударып беріп, жол көрсетіп, нәтижесінде талай мекеме толық қазақ тілдікке көшті. Бұның сыртында ұмыт болып бара жатқан талай ерлердің есімдерін анықтап, тарихи шығармалар жазды. Сол сияқты лайықты адамдарға көше атын беру, ауданның "Құрметті азаматы" атағына ұсыну, басқа да марапаттармен ынталандыруға көп еңбегін сіңірді. Кейіннен аудан әкімінің ішкі саясат бөліміне ауысқанда да осы жұмыстар одан әрі жалғасып, өз нәтижесін беріп отырды...

...Өмір деген ұлы өзен десек, адам өміріне керемет ұқсастығы бар. Өйткені, өзен бір аққан жеріне қайта айналып ақпаған сияқты, адам да ғұмырында жылдармен жылжып жастық шағына қайта орала алмайды емес пе. Ол жылдар естелікке айнала береді. Сол жастық шағымызда бізде ұшқыр қиялға беріліп кететінбіз. Ол кезде тілші, бөлім меңгерушісі болу үлкен арман еді. Сондай бір қолымыз кезекшіліктен қалт еткенде өзара әңгімелесіп өткен - кеткенді қозғап отырғанда Жәкең марқұм шіркін сен ре-

екіншіміз жиырмадан асқан көңіліміз кіршіксіз, адал арманымыз Алланың құлағына шалындыма екен Жәкеңнің таза көңілмен айтқаны дәл келгендей мен аудандық газетте ұзақ жыл дирек-тор - бас редакторы болып, зейнетке шыққаннан соң Жайлау директоры бас редактор болып өмірінің соңына дейін абыройлы қызмет атқарды.

Халықта: «Ер азаматтың бар болуы да, нар болуы да көп жағдайда отбасының ұйытқысы, берекесі әйелдің қадірлі, қасиеттілігіне байланысты», - дейді. Бұл өмір шындығы. Жәкеңнің жары Гүлжаһан өмірдің әртүрлі қиындықтары кездескен кезінде Жайлауға ақыл қосар жары, жанашыры да, сүйенер қамқоры да, реті келгенде қайратын жігерге жанып, намысын қайрап қолдаушысы да бола білді. Осының бәрін олардың араласқан ортасы жақсы біледі. Гүлжаһан Құдай берген мінезіне еш өзгеріс жасаған жоқ. Үйіне барсаң да, түзде жолықсаң да сол мінез, сол қалпында тұрады. Екеуі тәрбиелеген балалары ата - ананың ойлаған ойындай болып өсті, әрқайсысы өмірден өз орындарын алып, белгілі азамат болып келеді.

Иә, қашанда қай қызметте жүрсе де адал қызметінің арқасында ол бірнеше медальдарға ие болса, аудан, облыс, республика басшыларынан, Жазушылар Одағынан алған марапаттау қағаздары қаншама. Есте қалар бірнеше кітаптардың авторы болды. Кезіндегі Кеңес Журналистер одағының кейінде Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» болды.

Енді міне, қайран Жәкең! Қадірлі дос! Асыл азамат! Сен туралы шынымен - ақ естелік жазатын кез келді ме? Сенің асыл бейнең асқақ адамгершілігіңді арқау етіп естелік жазу қанша қаламгер болсам да, сағынышты сағым жылымыздың еске түсуі маған оңай соқпағаны ақиқат. Сен-дей ардақты тұлғаның өмірден өткеннен кейінгі естелік сөзінің осыншалық өзектілері екіншіше айналарын біліппін бе?

Өйткені, жастық шақтың қызық - қуанышын бірге бөліскен, жігіт болып, ат жалын тартып мінген кезде де, кешегі ел ағасы болып тізгін ұстаған тұстарымызды да сенімен бір сәт түс шайысып көрмеген керемет күндерім еске түскен сайын, «Апырай, Дос қадірі деген осы екен - ау», - деп жүрегім сыздап барып отырамын. Таудың басын жел торламай тұрмайды, ердің басын шер торламай тұрмайды, биік таудың тұманы да биік болса, уайым мұң да сонша биік болады. Өйткені, сезім биік болмай, адам биік болмайды, - дейді ғой. Жәкең, кезінде «Кесенедегі құс ұясы», - деп тамаша туынды жазып едім. Сол кезде - ақ сенің кеудең сөз ұясы еді. «Жақсы сөз есті адамның жүрегіне ұялайды» деген рас екен.

«Жауынды күні жол - жазым, тұманды күні мол - жазым, бұйрықты күні жан - жазым» - десек, қиялдағы тілегіңді жазылып қойған тағдыр билейді екен де. Ал, тағдырдың түйген түйінін ешкім шеше алмайды, білем қайран Жәкең!

- Ата, мен Сіздің дос қадірі туралы айтқан естелігіңізді жазып алдым. Енді дайындап газетке берем. Ғұлама жазушы, Лев Толстой адамның достарын үшке бөліпті. Оның біріншісі - киім - кешек, ыдыс - аяқ тағы тағылар. Олар адамның өзі дүниеден өткенде балалардың қолына өтеді, екіншісі - адамның отбасы, туған - туыстары, жора жолдастары, олар дүниеден өткен адамды қабір басына дейін шығарып салады, ал, адамның үшінші досы - марқұмның көзі тірісінде адамдарға деген қамқорлығы, көрсеткен сый - сияпаты, олар адам өмірден өткеннен кейін қанша жыл өтсе де сөйлеп тұрады, - деген екен.

Сол айтқандай мына естеліктен Жайлау атамның жарқын бейнесі көз алдыма келгендей болды. Мен Сіздердің бір - біріңізге деген құрмет пен ерекше ілтипаттарыңызды жақсы білемін. Соған орай болашақ журналист ретінде екі ата, екі достың «Дос қадірі» туралы сағынышқа толы элегиялық сезімде айтылған ностальгиясын газетке жариялауды жөн көрдім.

**Аиша ЭЛЬДАРҚЫЗЫ,
125-INTERNATIONAL HIGH SCHOOL
11-сынып оқушысы.**

Алматы қаласы.

**СУРЕТТЕРДЕ: Қазақстанның
Құрметті журналисі, Қазақстан
журналисттер одағының мүшесі,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы"
Дүйсен Мұқаметшарұлы мақала
кейіпкері, Қазақстан журналисттер
одағының мүшесі, Ақсу ауданының
"Құрметті азаматы", жазушы - жур-
налист Қазанбетов Мұхаметәлі
Найманханұлымен және басқа да ардагер-
лер, жас әріптестерімен.**



есімін есіне түсіріп отырған ақынға риза болып ауыр күрсіндім де қойдым....

Дана халқымыз: «Қазақта өлгеннің жаманы жоқ, тірінің «жаманнан» аманы жоқ, - деп. Ол өзіне орынды, орынсыз айтылған жел сөздердің соңын қуып кек

дактор болсаң мен орынбасар болсам ө, Дүйсеке дейтін, мен айтам сенің жасың кіші сен бол, - деп біраз жерге барысып қаламыз. Артынан бізді біреу қояйын деп отырма екен - деп жата кеп күлеміз. Бірақ алдымыз жиырма беске жетпеген

Күркіреп кезендер, дүркіреп дәуірлер өтсе де көңіл төрінде жарқ етіп жұлдыз болып тұратын ерекше тұлғалар, ерекше достар болады. Менің өзі өмір сүрген ортада кезең - келбетін көз алдыға келістіре кескіндеген, заманның шындығын жүрек сыздата суреттеген, сол бір күндердегі ел өмірін мөлдірете мүсіндеген, алғыр ойлы, шоқтығы биік журналист досым өмірден озып, ортамыз ортайып қалған еді. Тамаша туындыларымен танысып тұратын ыстық бейне, қымбат жүз құрметті дос марқұм Мұхаметәлі туралы естелік жаза алмай қиналып жүрген кездерімде бір күні Аиша немерем келіп, " - Ата биыл мектеп бітірем ғой, журналист мамандығын таңдап жүргенімді білесіз, маған «Дос қадірі» туралы үлкен шығарма жазу керек болып тұр, қандай ақыл - кеңес бересіз" дегені.

Іздегенге сұраған дегендей олай болса біз Мұхаметәліні «Жайлау» дейтінбіз. Жайлау атаңды танысың ғой. Сенің сол атаңмен ұзақ жыл қызметтес, әрі, ең сыйлы досы болғанмын. Сен енді келешекте сол атаңның жолын беріп мықты журналист бол. Мен сол досым жайлы саған әңгімелеп берейін, сен жазып ал, - дедім.

Сонымен сағынышқа айналған жылдар несімен қызықты болды? Ақыл - ой биікке құлаш ұрып тұрған шақта не істеп, не тындырдық? Бұдан да көп сауалдардан жауап іздегенде үлкені бар, кішісі бар қатар жүрген замандастар еске оралады. Олардың кісілігі де, кішілігі де кімді болса да сүйсіндірер еді. Ақ пейілдері көңіл түпкүрінде жатқан сағынышты оятып, жаныңды әлдилесе де еріксіз күрсінтеді де. Қайран уақыт қанша алыстатқанымен сенің көңіліңнің төрінде қайта тұтанып, бөз - баяғы жайдары қалыпында биязы мінезімен, шуақты жүзімен қарап тұрғандай болады. Өмірде жоқ болса да, қасыңдағыдан артық әсер сыйлайтын, жән - жылуын жақыннан сездіретін жан болса, солардың бірегейі осы Мұхаметәлі Найманханұлы еді. Біздің таныстығымыз сонау Кеңес Одағы тұсында аудандық газеттен басталып, ол өмірден озғанша арамыздан қыл өтпес досқа айналдық деседі артығы жоқ. Шындығында досты, адал, кіршіксіз досты табу оңайға соқпас. Егер табыла қалса ол - тағдырдың саған тартқан сыйы. Алла берген дүниеде алалық болмайды дейді ғой. Осы ғұмырымда дос деген қастерлі сөзді, қасиетті ұғымды санаға салмақтап, сараптап көрмеппін. Нағыз дос деп атын атап түсін түстегенмен, оның өмірлік болуын өзінде сезініп білмейсің. Осыған қарағанда, нағыз достың уақыт өте келе танылуы да табылуы да - тағдырыңа қатысты екені даусыз.

Балалық шақта бәрі дос, бәрі туыс, бәрі бауыр. Ал, өмірдің қат - қабат кезеңдерімен, қатал сындарынан кейін нағыз дос қасыңнан табылып қуанышыңды да, қайғыңды да бірге бөлісері хақ. Жайлау жан - жақты білімді, асып-тасымаған сабырлы азамат болды.

Аудандық газетте жүргендегі оның жазған очерк, мақалалары, фельетон, сыни мақалалары сол кездегі партия, совет басшыларының назарына ілігіп оны аудандық партия комитетінің үгіт - насихат бөліміне нұсқаушылық қызметке шақырып, тағайындады. Ол қай жерде болмасын орнықты ұсынысымен ой сала білетін. Нұсқаушылардың рөлі үлкен болды. Кейбір басшыларды орнынан босату немесе тағайындау сияқты жауапкершілігі мол қызметте Жайлау батыл ұсыныстарымен ерекшеленді.

Жалпы партия, совет басшыларының ұжымшар жетекшілерінің еңбектерін жоққа шығарып бәрі бір қалыптан шыққан десек шындыққа қиянат болар еді. Ел басқару кезеңіне тура келгендеріне олар кінәлі емес. Олардың ішінде ісіне тындырымды, ақырын жүріп анық басқан, еліне махаббаты маздап тұрған, табанды алдына мақсат қоя білетіндері болды. Солардың қатарында болған Жайлаудың бойынан салмақтылық пен парасаттылық, кең ойлайтын сабырлық табылатын.

Оның осындай рухани мықтылығын байқаған аудан басшысы сол кездегі аудандық мәдениет біліміне басшы етіп тағайындады. Бұл саланың да қыр - сырын білетін кекшіл емес, көпшіл, жікшіл емес, текшіл жұртты сендіре, иландыра алатын басшы болғанын көрсете білді.

Есте қалар естеліктің ерекше бірі І.Жансүгіровтың 100 жылдық мерейтойында болған еді. Қазақстанның барлық облыстарынан келген қоңақтар көп болды. Олар бар қызықтарды тамашалады. Соның ішінде ақындар айтысы тартысты өтіп, жан - жақтан келген сен тұр мен атайын деген ақындар бір - бірін ала - алмай дес бермейді. Әділ қазылар арасында бұра тартуда болып жатады.

БІРТУАР ТҮЛҒА

Іскер басшы, арда азамат еді...

Тілімізде адамға қатысты айтылатын, тұлғаның басқаларда қайталанба бермейтін ерекше қасиеттерін айқындайтын бірегей деген сөз бар. Қасиетті Ақсу өңірінде табаны күректей 9 жыл қызмет еткен, оның ішінде 4 жылы аудан әкімінің орынбасары, 5 жылы аудан әкімі болып, ауданымыздың дамуына елеулі үлес қосқан бірегей азамат Базарханов Есім Сейілханұлының әкесі **Сейілхан Базарханұлы** наурыз мерекесі қарсаңында, Қасиетті Рамазан айында өмірден озып еді. Енді еліміз деп еңбек еткен есіл ер, құрметті ағамыздың қырқы да жақындап қалыпты.

Иә, Сарқан, Қаратал аудандарының "Құрметті азаматы" болып, қазір біздің ауданымызға қарайтын Құрақсу елді - мекенін қиын кезеңдерде алдыға бастырған ел ардақтысы артына өшпес із қалдырған біртуар тұлға Базарханов Сейілхан Базарханұлы 1949 жылы Бөрлітөбе ауданының Мұқан Төлебаев атындағы совхозда туған екен.

1966 жылы Үлгі орта мектебін бітіріп, Алматы Халық шаруашылығы институтына түсіп, экономист мамандығын алған. 1982 жылы Жоғарғы партия мектебін бітірген.

1970 - 1972 жылдары М.Төлебаев атындағы совхозда бас бухгалтердің орынбасары, бас экономист болып еңбек жолын бастады.

1972 - 1974 жылдары Бөрлітөбе аудандық жоспарлау комитетінің төрағасы, осы жылдан 1977 жылға дейін «Прибалхаш» совхозы партия комитетінің хатшысы болса, 1977 - 1980 жылдары аудандық партия комитетінің Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1980 - 1982 жылдары аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары - Бөрлітөбе аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасының бірінші орынбасары, Бөрлітөбе аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы болды.



1989 - 1991 жылдары «Құрақсу» совхозының директоры қызметін атқарды.

1991 - 1992 жылдары Қаратал аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1992 - 1996 жылдары Қаратал ауданы әкімінің орынбасары, 1996 - 1998 жылдары «КомбикормАгро» ашық акционерлік қоғамының бас директоры қызметтерін атқарды. Өмірінің соңына дейін еңбектен қол үзбей «Үштөбе - Айдын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болды, Сарқан, Қаратал аудандарының «Құрметті азаматы».

Ұлы Базарханов Есім Сейілханұлына ақсулықтар атынан қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Берік ТЫНЫШБАЕВ,
аудан әкімі.
Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық мәслихат
төрағасы.

Қазақта «Жақсыдан — шарапат», - деген даналық сөз бар. Айтқандай, айналасына шапағат нұрын сеуіп, туысқанға тірек, қоғамға білек болып, көпке пайдасы мен шарапатын тигізіп өткен, елінің елеулісі, халқының қалаулысы, ұжымының жанашыр жалауы бола білген іскер басшы, арда азамат **Базарханов Сейілхан Базарханұлы** биыл Қасиетті Рамазан айында өмірден озды. Зуылдаған уақытқа тоқтау бар ма? Көзді ашып - жұмынша қырқы да жақындап қалыпты.

Тұла бойына сіңген адам қасиеттері Бөрлітөбенің киелі топырағынан, қасиетті туған жері М.Төлебаев елінің топырағынан берілді ме екен? Мүмкін жақсыларды көріп, соларға қарап бой түзеп, білікті ұстаз - басшыларының тәлім - тағылымын алып өскен жастың талап - талпынысы мен ізденісі ме? Қалай десек те, өз ісіне ұқыпты, іскер басшының бойындағы адамгершілігі, қамқорлығы мен қарапайымдылығы жан - жағына жайлылықтың лебін себетінін ұжымы жақсы сезінетін.

Оның қарым - қатынастағы мінезінің көркемдігі әріптестерінің жүрегіне жылылық пен ілгерілеушіліктің сенімін ұялататын.

Базарханов Сейілхан Базарханұлы 1948 жылы 24 қыркүйекте М.Төлебаев (бұрынғы «Подхоз Лепсі») ауылында туып, орта мектепті бітіріп, Алматыдағы Ауылшаруашылық институтына түсіп, экономист мамандығы бойынша 1970 жылы бітірді. 40 жылдан астам еңбегінің жартысынан артығын туған жерінің өсіп - өркендеуіне арнады. 1970 жылы жас маман еңбек жолын «Подхоз Лепсі» ауылында бас есепшінің орынбасары қызметінен бастады. 1972 жылы Бөрлітөбе ауданы құрылғанда аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындалды. 1974 жылы аудандағы ірі шаруашылықтың бірі «Прибалхаш» совхозында партия комитетінің хатшысы болып сайланды. Атқарған еңбегін бағалаған аудан басшылары үлкен сенім артып, 1977 жылы аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 1980 жылы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне сайланды, сол қызметтен Талдықорған облыстық партия комитетінің ұсынысына сәйкес Алматы жоғарғы партия мектебіне түсті. Ауданның ауылшаруашылығын көтеру, басқару үшін ауданды жақсы білетін, жағдайын түсінетін басшы керек болғандықтан Сейілхан Базарханұлы партия мектебінен шақырылып, аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы болып тағайындалды. Бұл қызметті 1982 - 1989 жылдары атқарды.

Партия мектебін сырттай аяқтады. Ауданда кенжелеп қалған «Құрақсу» совхозының жұмысын ілгерлету мақсатында 1989 жылы сол шаруашылыққа басшы болып тағайындалды. Басшылар үміті ақталып, совхозда мәдени, әлеуметтік мәселелер шешімдерін тауып жатты. Көшелер асфальтталып, балабақша салынып, ауыл тазалығы қолға алынды.

1991 жылы Қаратал аудандық атқару комитетінің төрағасы

қызметіне сайланып, 1991 - 1996 жылдары осы ауданның әкімшілік басшысының бірінші орынбасары, 1996 - 1998 жылдары Қаратал ауданы «Комбикорм - Агро» АҚ-ң Президенті, 1998 - 2004 жылдары Үштөбедегі «Достар - Қаратал» АҚ-ң бас директоры қызметтерін абыроймен атқарды. 2004 жылдан өмірінің соңына дейін «Үштөбе - Айдын» (сүт өнімдерін шығаратын) ЖШС-ң директоры болып еңбек етіп кетті.

Сейілхан Базарханұлы жауапкершілігі мол, азаматтығы, адамгершілігі биік, барларға тілеулес, жоқтарға қашан да қол ұшын беріп жүрген азамат. Білімділігі, жұмысты бүге - шігесіне дейін талдай білетін, өз бақылауына алатын, соның сапалы орындалуына талап қоя білетін басшы бола білді.

Бөрлітөбе талай қиын - қыстау заманды басынан өткізген аудан.

Туған жерінің өсуіне, экономикасының дамуына бір кісідей өз үлесін қосқан азаматтың көп жылғы атқарған еңбектері бағаланып, «Құрмет» орденімен, Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен», аудан әкімінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды.

Сейілхан Базарханұлы үлгілі отбасының отағасы болды. Атадан ұрпаққа жалғасып жатқан адам бойындағы жақсы қасиеттердің барлығы ұлдарына сіңді.

Үлкен ұлы Еркіні Ақмола облысы, Бұрабай ауданы әкімінің орынбасары болды. Ортаншысы Ерсіні - кәсіпкер, кішісі Есімі облыстық табиғи монополия басқарма бастығының орынбасары, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімі қызметтерін атқарды. Жұбайы Саңлақбаева Қанафия 2010 жылы қайтыс болған. Араға он бес жыл салып ағамыз да бақилық болды. Қасиетті Рамазан айында өмірден өткен ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

БӨРЛІТӨБЕЛІК
ЖЕРЛЕСТЕРІ.

Ағылшын тілі қазіргі - заманның қажеттілігі

Біздің мемлекет замана талабымен алға қадам жасап келеді. Жаңа технологиялар дәуірімен қол ұстаса келген жас буын да төрткүл дүниедегі технологиялық төңкерістерге қарамай, шама - шарқында үзеңгі қағыстырып бағуда.

Жастарды тәрбиелеу - ұлтты, ұлттың болашағын тәрбиелеу. Өйткені, келешекте ел тұтқасын ұстайтын жеткіншектердің өзге мүдделер қорғайтын идеялар жетегінде немесе артта қалушылықты қолдайтын, өткенді көксеушілік синдромы бар ойлар бұғауында емес, біртұтастық пен ұлттық бірлікті ту етер идеологияда болғаны абзал. Сонымен қатар, ұлттың ұл - қыздары әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы азаматтар қатарынан табылып, бәсекеге қабілетті болғаны жас мемлекет үшін үлкен қажеттілік.

Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тәрбиемен, білім беру ісімен, сана ашықтығымен қарқынды жұмыс жасау шарт. Жас өрендерді білімге шақыру, көңіл көкжиегін кеңейту жолына бағыттау - ұлт болашағы үшін парызды қарекет. Бүгінгі заман - ақпарат билеген дәуір. Дүние есігін Төртінші индустриялық революция қағып тұр. Ендеше, ағылшын тілінің біздің жас ұрпаққа қажеттілігі айт-



паса да түсінікті болар. Жас буын саналатын азаматтардың барлығына дүниежүзілік технология тілі, ашылулар тілі, жаңашылдықтармен байланыс жасау құралы болып есептелетін ағылшын тілін қосымша тіл ретінде толық меңгеруі шарт. Әйтпесе, ел білімінің саласы да, дамудың қарқыны да кейіндей бермек.

«Қарасу негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығы» коммуналдық мекемесі оқушыларының ағылшын тілін игеруге деген құлшынысы зор.

Қазіргі уақытта ағылшын тілі соңғы

буынға бастауыш сыныптан бастап, мектеп тәмамдағанша, одан кейін университет қабырғасында үздіксіз үйретілуде. Сондай-ақ, арнайы мамандандырылған ағылшын сыныптары мен топтары да ұйымдастырылған. Бұл мақсаттардың барлығы оқу ошақтарынан оң шешім тауып, қазіргі уақытта білім базасы кеңейе түсті.

Гүлзат ӨМІРСЕРІКОВА,
«Қарасу негізгі орта мектебі,
мектепке дейінгі шағын орталығы»
коммуналдық мекемесінің
ағылшын тілі пәнінің
мұғалімі.

КІТАП - рухани қазына



2 сәуір - халықаралық балалар кітабы күні. Бұл мереке жыл сайын дат жазушысы, әрі ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орай 1956 жылдан бастап атап өтіледі.

Адам баласы жарық дүние есігін ашып, шыр етіп жерге түскен шағынан бастап оның бойында мінез қалыптаса бастайды. Бұл мінездің жақсы болып қалыптасуына, бірінші баланы алақанына салып, аялап тәлім тәрбие беретін ата-анасы, ал екінші тәрбие көзі - мектеп, оның ішінде мектеп жүрегі ұстаз. Тәрбиенің үшінші бастауы - кітап. Кітап арқылы бала өз дүниетанымын кеңейтеді, жақсыға еліктеп, жаманнан жиренеді.

Атаулы мереке аясында балалар кітапханасы «Кітап - ең үлкен қазына» атты зияткерлік ойын өткізді. Осындай шаралар арқылы кітап оқу барлық балалардың күнделікті өмірінің дағдысына айналаса екен деймін. Шара барысында Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығының 4 «ө» сынып оқушылары өз білгірліктерін көрсетті. Балалар кітаптың адам өміріндегі маңызын, кітаптың және балалар кітап күнінің шығу тарихымен, арнайы ұйымдастырылған

«Балалар кітап әлемінде» атты кітап көрмесімен таныс-ты. Бұл шараның мақсаты - қай оқырман кітапханамен жақсы қарым-қатынас жасайды, кім көп кітап оқығаны, кітап оқу арқылы кімнің білімі мен білігі артық екені анықталды. Балалар кітап туралы өлең жолдарын оқыды. Викториналық сұрақтарға жауап берді. Мақал-мәтелдер айтып, жұмбақтар шешті. Барлық балалар соның ішінде Р.Досжан, Р.Серікбекқызы, А.Серік, А.Тоқтарғали, Б.Хамза ерекше алғырлықпен жауап берді.

Қорыта келе айтарым «Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы», - деген қанатты сөз жас ұрпақтың көкейінде шамшырақ сияқты жарқырап тұрса екен. Өйткені, кітап адамзат өмірінің құнды мұрасы, алтын қазынасы, ғұмырлық шежіресі болып табылады. Кітапхана тарапынан өткен әрбір шара руханилыққа бой алдырып, кітапқа деген қызығушылықтарын одан әрі артуына өз ықпалын береріне сенімдімін. Балалар кітапханасы сіздерді күтеді. Кітапханаға келіңіздер! Кітаппен бірге дос болыңыздар!

Б.АБДЫРАХМАНОВА,
аудандық балалар кітапханасының
меңгерушісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙГЕ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАН ЖАЛДАҒАН ТҰРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ АУДАН БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ

№ р/с	Атауы	Кезекте тұрған азаматтардың саны, оның ішінде:							
		Кезекте тұрған азаматтардың барлығы	Ұлы Отан соғысының ардагерлері	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналар, көп балалы отбасылар	Халықтың әлеуметтік осал топтары	Мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, әскери қызметкерлер, ғарышкерлік кандидаттар, тұлғалар төмен бағаланады. Мемлекеттік сайланбалы лауазымдар	Жалғыз баспанасы апатты деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары	Санаты көрсетілмеген
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2	Ақсу ауданы	716	0	32	162	303	203	16	0
3	Аудандар бойынша барлығы	716	0	32	162	303	203	16	0

ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР

Өтініш берушінің аты-жөні	Кезек нөмір	Мекен-жайы	Кезектің кіші санаты	Кезекке қою күні	Туыстар саны
ВАСИЛЬЕВ ТИМУР	1	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 1А үй, 8 пәтер	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	11.03.2013 10:00:10	3
ЖАРМҰХАМЕДОВ ЕЛАМАН САЙДУАЛИТҰЛЫ	2	Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Қапал ауылы, Мағжан Жұмабаев көшесі, 26-үй	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	17.03.2014 15:38:42	0
РОМАНЮК КОНСТАНТИН АЛЕКСАНДРОВИЧ	3	Қала/Қала: Қапал, Қапал; Көше/Улица:УЛИЦА Сәбит Мұханов; Үй/Дом: 20; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	24.06.2015 22:52:22	0
РОМАНЮК РОМАН АЛЕКСАНДРОВИЧ	4	Қала/Қала: Қапал, Қапал; Көше/Улица:УЛИЦА Сәбит Мұханов; Үй/Дом: 20; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	24.06.2015 22:57:58	0
МИХАИЛ НАДЕЖДА ВЛАДИМИРОВНА	5	ҚАЗАҚСТАН, ҚАПАЛ, ТӨНЕКЕ БАТЫР, 10,	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	26.06.2015 10:54:21	0
СУЛЕЙМЕНОВ ДОСЫМ АЙДОСҰЛЫ	6	Қала/Город: Жансугуровский, Алтынарық; Көше/Улица:ул. Абай; Үй/Дом: 15; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	18.10.2017 15:36:42	0
АРҒЫН НҰРЛЫБЕК АСҚАТҰЛЫ	7	Қала/Қала: Өтенай, Өтенай; Көше/Көше:ЖАСТАР 1 ТҰРҒЫН АЛАБЫ; Үй/Үй: 46; Ғимарат: -; Пәтер/Пәтер: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	18.10.2017 16:24:57	1
САҒЫНҒАН АҚНҰР РУСЛАНҚЫЗЫ	8	АЛМАТЫ, АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ, ТОЛҒАНБАЙ АҚЫН, 47_2	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	08.06.2018 12:01:40	0
РАХИМОВА АРУНА РАИСҚЫЗЫ	9	АЛМАТЫ, АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ, ТОЛҒАНБАЙ АҚЫН, 47_2	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	08.06.2018 12:07:42	0
БЕДЕЛБАЕВ АЛАН ЕРМЕКУЛЫ	10	Қала/Қала: Жаңалық, Жаңалық; Көше/Улица:УЛИЦА Шатырбай Бәтенов; Үй/Дом: 5; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	08.06.2018 12:07:55	0
АДАЙБЕК АЛАН ДАРХАНҰЛЫ	11	Қала/Қала: Жаңалық, Жаңалық; Көше/Улица:УЛИЦА Шатырбай Бәтенов; Үй/Дом: 5; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	29.05.2020 10:41:02	0
НҰРМҰХАМЕТОВА ӘСЕЛ СЕИТҚАЖЫҚЫЗЫ	12	Қала/Қала: Жаңалық, Жаңалық; Көше/Улица:УЛИЦА Шатырбай Бәтенов; Үй/Дом: 16; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	02.06.2020 14:52:55	1
ЕРЖАНҚЫЗЫ АҚНИЕТ	13	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:УЛИЦА Ораз Жұмашев; Үй/Дом: 80; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	11.06.2020 16:28:41	1
ТІЛЕУЖАН САНИЯ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ	14	Қала/Қала: Есеболатовский, Есеболатова; Көше/Улица:УЛИЦА Марат Жиенбаев; Үй/Дом: 24; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	17.06.2020 15:51:36	1
СҰЛТАНҒАЗИНОВА ДИАНА ЖЕТЕМБАЙҚЫЗЫ	15	Қала/Қала: Жансүгіров, Жансүгіров; Көше/Улица:А.Пушкин КӨШЕСІ; Үй/Үй: 7; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	04.09.2020 09:22:08	2
ТҰРЫСБАЕВ ДАМИР АСЛАНҰЛЫ	16	Қала/Қала: МАТАЙ; Көше/Улица:Тынышбаев; Үй/Дом: 19; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 1	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	24.12.2020 13:14:54	1
ТҰРЫСБАЕВ ӘМІР АСЛАНҰЛЫ	17	Қала/Қала: МАТАЙ; Көше/Улица:Тынышбаев; Үй/Дом: 19; Корпус: -; Пәтер/Квартира: 1	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	24.12.2020 13:41:18	0
ЖҰМТАЙ ЕМІЛ	18	Қала/Қала: Есеболатовский, Есеболатова; Көше/Улица:УЛИЦА Токтарбек Алыбаев; Үй/Дом: 34; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	09.02.2021 11:37:05	1
ЖҰМТАЙҰЛЫ ШАЛҚАР	19	Қала/Қала: Есеболатовский, Есеболатова; Көше/Улица:УЛИЦА Токтарбек Алыбаев; Үй/Дом: 34; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	09.02.2021 11:42:31	1
АБДУЛМАНАТОВ РАДМИР АРМАНҰЛЫ	20	Қала/Қала: Қызылағаш; Көше/Улица:ДОСТЫҚ; Үй/Үй: 24; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	10.02.2021 16:16:40	0
АБДУЛМАНОВА КАМИЛЛА АРМАНҚЫЗЫ	21	Қала/Қала: Қызылағаш; Көше/Улица:ДОСТЫ; Үй/Дом: 24; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	10.02.2021 16:24:13	0
ҒАБДОЛЛИН ӘКЖАН ҚАЙРАТҰЛЫ	22	Қала/Қала: Қызылағаш, Қызылағаш; Көше/Улица:Абай КӨШЕСІ; Үй/Үй: 19; Корпус: -; Пәтер/Квартира: -	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	09.06.2021 12:47:24	0
АЛЕКСАНДРОВА ТАИСИА СЕРГЕЕВНА	23	Ақсу ауданы, Барлыбек Сыртанов ауылы, Барлыбек Сыртанов ауылы, Жомарт Қасенов көшесі, 17 үй	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	10.03.2022 09:41:42	0
АЛЕКСАНДРОВ СТАНИСЛАВ СЕРГЕЕВИЧ	24	Ақсу ауданы, Барлыбек Сыртанов ауылы, Барлыбек Сыртанов ауылы, Жомарт Қасенов көшесі, 17 үй	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	10.03.2022 09:44:02	0
МҰҚАЖАН АЛИ	25	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Бөкей Жидебаев көшесі, 17Б үй, 1 пәтер	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	21.04.2022 15:08:55	0
НОҒАЙБЕК ЕРДОС КАНАТҰЛЫ	26	Ақсу ауданы, с.о. Матай, с. Матай, Тағат Бейсенбеков көшесі, 1 үй, 1 пәтер	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	26.04.2022 21:25:38	1
ҚАМБАР ӘДІЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ	27	Ақсу ауданы, с.о. Матай, с. Матай, пәтер. Шығыс орамы 5, д. 27	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	12.05.2023 11:10:02	0
ҚАМАР АНЕЛЬ ЖАНГЕЛДІҚЫЗЫ	28	Ақсу ауданы, с.о. Матай, с. Матай, пәтер. Шығыс орамы 5, д. 27	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	12.05.2023 11:17:48	0
ӨЛІБЕК НҰРАЙЯ НҰРИДДИНҚЫЗЫ	29	Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Жансүгіров ауылы, Қанапия Махмұтов көшесі, 5 үй	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	27.06.2023 17:28:03	0
МУСА ҚАРЛЫҒА	30	Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылы, Қызылағаш ауылы, Момышұлы көшесі, 11-үй	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	22.01.2024 11:04:04	3
